

## Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі жоғары және орта арнаулы оқу орындарының мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 8 мамыр N 814. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Жоғары білікті мамандар даярлау, жоғары және орта арнаулы оқу орындары жүйесіндегі реформаларды одан әрі дамыту және тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің:

Ақмола автомобиль көлігі колледжін, Ақмола политехникалық колледжін, Ақмола құрылыс және менеджмент колледжі Ақмола политехникалық колледжіне;

Ақмола тамақ өндірісі технологиясы колледжін, Ақмола ауыл шаруашылығы колледжін, Новоишим мал дәрігерлігі колледжін Ақмола аграрлық-техникалық колледжіне;

Ақтөбе мәдениет колледжін, Ақтөбе педагогикалық колледжін, Ақтөбе гуманитарлық колледжіне;

Ақтөбе машина жасау колледжін, Ақтөбе құрылыс колледжін Ақтөбе құрылыс колледжіне;

Талғар ауыл шаруашылығы колледжін, Талғар ауыл шаруашылығын механикаландыру колледжін Талғар агробизнес және менеджмент колледжіне;

Атырау мәдениет колледжін, Атырау педагогикалық колледжін Атырау гуманитарлық колледжіне;

Атырау политехникалық колледжін, Атырау темір жол көлігі колледжін Атырау политехникалық колледжіне;

Атырау ауыл шаруашылығы колледжін, Атырау теңіз колледжін Атырау аграрлық-техникалық колледжіне;

Лениногор орман колледжін, Лениногор кен-металлургия колледжін Лениногор аграрлық-техникалық колледжіне;

Өскемен құрылыс колледжін, Өскемен энергетика колледжін Өскемен политехникалық колледжіне;

Өскемен педагогикалық колледжін, Шығыс Қазақстан дене мәдениеті және спорт колледжін Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжіне;

Өскемен мәдениет колледжін, Өскемен музыка колледжін Шығыс Қазақстан

ө н е р к о л л е д ж і н е ;

Абай атындағы Жамбыл педагогикалық колледжін, Жамбыл мәдениет және өнер колледжін Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжіне;

Балқаш политехникалық колледжін, Балқаш педагогика колледжін Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжіне;

Жезқазған музыкалық колледжін, Жезқазған педагогикалық колледжін, Сәтпаев мәдениет колледжін Жезқазған гуманитарлық колледжіне;

Жезқазған экономика және құрылыс колледжін, Жезқазған тау-кен колледжін , Жезқазған ауыл шаруашылығы колледжін Жезқазған аграрлық-техникалық к о л л е д ж і н е ;

Орал политехникалық колледжін, Орал аграрлық колледжін Орал аграрлық-техникалық колледжіне;

Теміртау политехникалық колледжін, Теміртау химия-механика колледжін, Теміртау индустриалдық колледжін Теміртау политехникалық колледжіне;

Теміртау педагогикалық колледжін, Қарағанды педагогикалық колледжін Қарағанды гуманитарлық колледжіне;

Қарағанды мәдениет колледжін, Тәттімбет атындағы Қарағанды музыка колледжін, Теміртау музыкалық колледжін Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер к о л л е д ж і н е ;

Саран педагогикалық колледжін, Саран химия-механика колледжін Саран гуманитарлық-техникалық колледжіне;

Қызылорда музыка колледжін, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжін М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық к о л л е д ж і н е ;

Қызылорда политехникалық колледжін, Қызылорда ауыл шаруашылығы колледжін, Қызылорда темір жол көлігі колледжін Қызылорда аграрлық-техникалық колледжіне;

Біржан атындағы Көкшетау музыкалық колледжін, Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжін Ақан сері атындағы Көкшетау өнер колледжіне;

Щучинск педагогикалық колледжін, Щучинск индустриалдық-педагогикалық колледжін Щучинск гуманитарлық-техникалық к о л л е д ж і н е ;

Щучинск техникалық колледжін, Бурабай агроөнеркәсіп колледжін Бурабай аграрлық-техникалық колледжіне;

Ақсу энергетика колледжін, Жаяу Мұса атындағы Ақсу мәдениет колледжін, Ақсу дене мәдениеті колледжін Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжіне;

Петропавл педагогикалық колледжін, Петропавл өнер колледжін Петропавл г у м а н и т а р л ы қ к о л л е д ж і н е ;

Петропавл экономика және құқық колледжін, Петропавл бизнес-колледжін

Петропавл экономика колледжіне;  
Петропавл политехникалық колледжін, Петропавл темір жол көлігі колледжін  
Петропавл политехникалық колледжіне;  
Семей автомобиль-механика колледжін, Семей су көлігі колледжін Семей  
көлік колледжіне;  
Семей агробизнес колледжін, Семей бизнес-колледжін Семей  
бизнес-колледжіне;  
Семей құрылыс колледжін, Семей құрылыс және коммуналдық шаруашылық  
колледжін Семей құрылыс колледжіне;  
М.Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжін, М.Төлебаев атындағы  
Семей музыкалық колледжін М.Әуезов атындағы Семей гуманитарлық  
колледжіне;  
Талдықорған құрылыс колледжін, Талдықорған  
индустриалдық-педагогикалық колледжін Талдықорған политехникалық  
колледжіне;  
Арқалық музыка колледжін, Арқалық педагогикалық колледжін Торғай  
гуманитарлық колледжіне;  
Арқалық политехникалық колледжін, Торғай ауыл шаруашылығы колледжін  
Торғай аграрлық-техникалық колледжіне;  
Оңтүстік Қазақстан энергетика және бизнес колледжін, Шымкент  
политехникалық колледжін Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжіне;  
Оңтүстік Қазақстан автомобиль-механика колледжін, Шымкент  
агроөнеркәсіп колледжін Шымкент аграрлық-техникалық колледжіне;  
Түркістан индустриалдық-педагогикалық колледжін, Түркістан  
педагогикалық колледжін Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжіне қосу  
жолымен қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінің:  
Атбасар ауыл шаруашылығы колледжін, Темір ауыл шаруашылығы  
колледжін, Қарағанды дене мәдениеті және спорт колледжін, Қостанай мәдениет  
колледжін, Жетікөл педагогикалық колледжін, Павлодар ауыл шаруашылығы  
колледжін, Павлодар монтаж колледжін, Екібастұз педагогикалық училищесін,  
Петропавл ауыл шаруашылығын механикаландыру колледжін, Жетісай мәдениет  
колледжін тарату туралы ұсынысы қабылдансын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің:  
Алматы темір жол көлігі колледжін Алматы көлік және коммуникациялар  
колледжі;  
Қазақ ұлттық техникалық университетінің политехникалық колледжін  
Алматы политехникалық колледжі;  
N 1 Алматы педагогикалық колледжін N 1 Алматы қазақ педагогикалық

к о л л е д ж і ;

О.Таңсықбаев атындағы Алматы көркемсурет колледжін О.Таңсықбаев атындағы декоративтік-қолданбалы өнер колледжі;

Ақмола музыка колледжін Ақмола өнер колледжі;

А.Майкөтов атындағы Ақмола педагогикалық колледжін А.Майкөтов атындағы Ақмола гуманитарлық колледжі;

Степногор аймақтық колледжін Степногор гуманитарлық-техникалық к о л л е д ж і ;

Ақмола темір жол көлігі және байланыс колледжін Ақмола көлік және коммуникациялар колледжі;

Ақтөбе индустриалдық-педагогикалық колледжін Ақтөбе политехникалық к о л л е д ж і ;

Орал ауыл шаруашылығын механикаландыру колледжін Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы колледжі;

Қарқаралы мал дәрігерлігі колледжін Қарқаралы ауыл шаруашылығы к о л л е д ж і ;

Қарағанды кен-механика колледжін Қарағанды политехникалық колледжі;

Қостанай политехникалық колледжін Қостанай технологиялық колледжі;

Жетіғара аймақтық колледжін Жетіғара политехникалық колледжі;

Лисаков аймақтық колледжін Лисаков техникалық колледжі;

Маңғыстау педагогикалық колледжін Маңғыстау гуманитарлық колледжі;

Павлодар агроөнеркәсіп колледжін Павлодар технологиялық к о л л е д ж і ;

Павлодар темір жол көлігі колледжін Павлодар көлік және коммуникациялар к о л л е д ж і ;

Красноармейск ауыл шаруашылығы өндірісі технологиясы және экономикасы колледжін Красноармейск аграрлық-техникалық колледжі;

Екібастұз аймақтық колледжін Екібастұз политехникалық колледжі;

Петропавл индустриалдық-педагогикалық колледжін Петропавл аграрлық-техникалық колледжі;

Талдықорған мал дәрігерлігі колледжін Талдықорған экономикалық-технологиялық колледжі;

Сарқанд мәдениет колледжін Сарқанд гуманитарлық колледжі;

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай педагогикалық колледжін Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық колледжі;

Шымкент музыка колледжін Оңтүстік Қазақстан музыка колледжі деп қайта атау туралы ұсынысы қабылданын.

4. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Ақтөбе жоғары теміржол көлігі және оқу-ғылыми-өндірістік орталығы етіп бөлу

жолымен қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.<\*>

*Ескерту. 4-тармақпен толықтырылды, 4,5,6-тармақтар тиісінше 5,6,7-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1997.08.11. N 1250 қаулысымен.*

5. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

қайта ұйымдастырылатын оқу орындарының 1997 жылға арналған шығыстар сметасына өзгертулер енгізсін. Аталған өзгерістер 1997 жылға арналған бюджетте көзделген қаражат шегінде енгізілсін:

таратылатын және қайта ұйымдастырылатын оқу орындары оқушыларының оқуын аяқтау үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдасын;

қайта ұйымдастырылған колледждердің директорларын белгіленген тәртіптен тағайындасын.

6 . < \* >

*Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.20. N 37 қаулысымен.*

7. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасында жоғары және арнаулы орта білімді жетілдіру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 мамырдағы N 573 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 19 171 - құжат) ;

"Қазақстан Республикасының Білім министрлігі орта арнаулы оқу орындарының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 1601 қаулысы.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі мен Қ.Иассауи атындағы Қазақ-Түрік университетіне бөлінген қаражат шегінде 1997 жылға арналған жоспарлы белгілеудің функциялар мен бағдарламалар бөлігіне қажетті өзгерістер енгізілсін.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 8-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.09.30. N 1391 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі